

**МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС
ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ**

Кафедра: Фтизиатрия

Факультет: Жалпы медицина

**Тақырыбы: Туберкулездің алдын алу. Туберкулездің
алдын алу туралы тұрғындар арасындағы санитарлы-
ағарту жұмысы**

Орындаған: Жұбаева Г.

414 «Б»

Жоспары:

- ▣ Туберкулез туралы түсінік; ауру көзі, қоздырғышы, қауіп факторлары;*
- ▣ Клиникалық көріністері;*
- ▣ Туберкулинодиагностика;*
- ▣ Патологиялық материалдарды зерттеу;*
- ▣ Рентгенологиялық зерттеу;*
- ▣ Туберкулездің алдын алу;*

24 НАУРЫЗ БҮКІЛ ӘЛЕМДІК ТУБЕРКУЛЕЗГЕ ҚАРСЫ КҮН



Роберт Кох
(1843 - 1910)

Неміс дәрігері-микробиолог.
Бактериологияның негізін
салушы,

Туберкулез қоздырғышын ашты.
Нобель сыйлығының лауреаты

Туберкулез қоздырғышын
алғаш

Рет зерттеп ашқан неміс
микробиологы

РОБЕРТ КОХ жариялаған
күнді

ВОЗ-дың шешімімен

Бүкіләлемдік
туберкулезге

Қарсы күн деп
жарияланды.

Туберкулез – (лат. tuberculum – төмпешік), ескіше: құрт ауру, көксау – адам мен жануарларда болатын созылмалы жұқпалы ауру. Туберкулездің қоздырғышы – микобактерияны (“Кох таяқшасын”) неміс микробиологы Р.Кох (1843 – 1910) ашты (1882). Туберкулез микобактериялары жіңішке, түзу не сәл иіліп келген таяқшалар, ұзындығы 1 – 10, ені 0,2 – 0,6 мкм. Бұл дерт бұрыннан белгілі болса да, қазіргі уақытта около 2 миллиардтан астам (әлем бойынша тұрғындардың 1/3) адам туберкулезді жұқтырған, жыл сайын 2 миллион адам көз жұмады. Көп жағдайда ауруға шалдығатындар - 20-40 жас шамасындағы жас адамдар.

Ауру көзі – туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын адамдар. Жұқтыру қаупі, әсіресе, тиісті желдетілмейтін және адамдар көп шоғырланған жерлерде аса жоғары. Арнайы шеттету немесе қабылданбаған емсіз туберкулездің ашық түрімен ауыратын бір адам жылына 10-15 адамды жұқтыруы мүмкін.

Туберкулез микобактериясының әсер ету тұрақтылығы

Спирт пен қышқылға тұрақты әсер көрсетеді

Химиялық және физикалық агенттердің әсеріне қарсы әсер
Тұрақтылығын сақтайды

Кох таяқшасы ылғалды қақырықта/белгілі бір жағдайда/жарты жылға дейін әсер етеді.

Құрғақ қақырықта/әртүрлі жағдайда/кейбір тұрмыстық құралдарда/жihaz, төсек орында, орамалда/бірнеше айға дейін сақталады



Күн сәулесі кох таяқшасын 1,5 сағ
ал, Ультрақулгін сәулесі 2-3 мин
елтіреді

Бұл ауру негізінен тыныс жолдары арқылы таралады. Кейде тамақпен ауру малдың еті, сүті арқылы немесе науқас адамның пайдаланған ыдыс-аяғын қолданғаннан сау адамға жұғуы мүмкін. Туберкулез ауруы жұққан адамның барлығы бұл аурумен ауыра бермейді. Туберкулез ауруының қоздырғышы адам ағзасына түскеннен кейін ағзада өзгерістер болуы ықтимал. Бірақ ол өзгерістерді адамдар елең қыла бермейді. Егер туберкулез ауруы жұққан адамда ауруға қарсы тұру қабілеті төмен болса, ол кісінің ауыруы әбден ықтимал. Ауру басталуы алғашқыда ешқандай белгі бере қоймайды. Сондықтан да, кейде ауруға шылдыққандар арасында өкпе ыдырауы, ми қабының туберкулезі секілді аурудың асқынған түрлері тіркеліп жатады.

Аурудың алғашқы белгілері:

- екі аптадан артық жөтелу;
- әлсіздіктің пайда болуы;
- тамаққа тәбеттің төмендеуі;
- тершеңдік;
- дене қызуының көтерілуі;
- кеуденің ауыруы;
- қақырықта қан көрінуінің бірі пайда болса, бірден дәрігерге көрініп тексерілу қажет.

ТУБЕРКУЛЕЗДІ ДЕР КЕЗІНДЕ ЖӘНЕ НАҚТЫ АНЫҚТАУ ҮШІН, НАУҚАСТЫ ҰҚЫПТЫ ДЫ, ТИЯНАҚТЫ ТҮРДЕ ТЕКСЕРУ ҚАЖЕТ. ЕМХАНАҒА КЕЛГЕН БОЙДА НАУҚАС, ӨЗІН ҚАЛАЙ СЕЗІNETiNDiГiН, Алдында ауырған аурулары жайлы, сонымен қоса жанұясының басқа да мүшелерінің ауырған аурулары жайлы толық айтып беруі тиіс. Ең бастысы, туберкулез науқасымен қатынас болған-болмағандығын, болған жағдайда қашан және қанша мерзімде екендігін білген дұрыс. дәрігер науқасты толық тексергеннен кейін, оны одан әрі қосымша зерттеулерге бағыттайды. Қазіргі кезеңде туберкулезді анықтаудың ең дәл әдісі: бактериологиялық, рентгенологиялық диагностика және балалар мен жасөспірімдерде манти сы- намасы болып табылады.

Туберкулезді бактериологиялық диагностикалау

– науқастың патологиялық материалындағы (қақырық, қан, зәр, жараны бөліп тұрған ауатамырдың и1179 құрамы, жұлын сұйықтығы, операциялық материал) туберкулез микобактериясын анықтауға бағытталған. Бұл түрі тек туберкулезді диагностикалау үшін ғана емес, процестің ағымын, тиімді емдеу үлгісін жоспарлауда және оның тиімділігін дұрыс бағалауда да пайдасы орасан зор.



Қазіргі уақытта балалар туберкулезі, оның бастапқы түрлерінің ерекшелігі – өкпе тканьдерін және бронхтарды аса зақымдамайды, бөлінуі сирек болады. Сонымен қатар тыныс алу жолдарының туберкулезіне күдіктенгенде асқазан және бронхты жуған суды туберкулез микобактериясына міндетті түрде тексеру керек, зәр шығару жолдарының туберкулезіне күдік туғанда несепті туберкулезге тексеру керек.

Туберкулездің бастапқы формаларында балалардың қанында патологиялық өзгерістер болмайды.

Қажет болған жағдайда лимфа бездерінен, өкпеден, өкпе қабынан биопсия алу әдісімен тексеруді қолданылады.

● **Туберкулинодиагностика.**

Балалар мен жеткіншектерді тексеру кезіндегі Манту сынағы үшін көрсеткіштер ППД-Л 2-ТБ-мен Манту сынағы мына жағдайларда қолданылады:

- 1. Балалар мен жеткіншектерде туберкулезді ерте анықтау үшін;**
- 2. Туберкулез ошағындағы балалар мен жеткіншектерге;**
- 3. Екі айдан асқан балаларға вакцинациялау алдында және 6-7 жасқа толғанда қайта вакцинациялау алдында.**

Егерде балада вакцинадан кейінгі аллергия болса, онда туберкулездің вирулентті микобактериясымен инфекцияға шалдығады, туберкулинге деген аллергия жоғарылайды және де реакция алдындағы реакциямен салыстырғанда айқын болады. 2 ТБ-мен қойылған Манту сынағынан инфильтраттың көлемінің ұлғаюы, бір жылда 6 мм-ге және одан да жоғары болуы бұның алдында инфекцияға шалдыққанын көрсетеді. Бұндай жағдайда балада инфекцияға шалдығудың ерте кезеңі деп диагностика жасап, оны туберкулезге қарсы диспансерге тексерілуге жіберу керек.

● Рентгенологиялық тексеру.

Рентгенологиялық тексерудің дұрыс бағасын алу үшін баланың жасына байланысты көкірек қуысының ағзаларына, науқастың экран алдында дұрыс тұруына және рентгенограмманың сапасына көңіл аудару керек

Мекемелердің де қызметкерлері жылына бір рет флюорографиялық тексерістен өтулері тиіс. Ол процедура, туберкулез анықталған жағдайда, сол жиынның адамдары қызмет көрсету барысында қатынасатын адамдарға жұқтырмау мақсатында қажет.



ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ

Бұл жастағы топтарда туберкулездің алдын алу санитарлы профилактика, спецификалық профилактика (вакцинация және ревакцинациялау, БЦЖ), әрі химиопрофилактикалармен негізделген.

Туберкулезді алдын алудың екі әдісі белгілі:

- спецификалық
- спецификалық емес.

Олар:

- БЦЖ вакцинациясы және ревакцинация;
- Салауатты өмір салты;
- Дұрыс тамақтану;
- Дене белсенділігі;
- Зиянды әрекеттерден бас тарту.

Оның негізінде сау балалар мен жасөспірімдерді туберкулезбен сақтандыру. Оның қатарына туберкулез ауруларының сау адамдармен байланысты болудан сақтандыру немесе азайту, бұл байланыстар үй тұрмысында, қызметте, әрі қоғамдық орындарда болуы мүмкін. Ең қауіпті жанұядағы байланыс, бацилла бөлушілермен. Негізгі шаралар санитарлы профилактиканың туберкулез ошағында жүргізілуі. Ошақта жүргізілетін профилактикалық шаралар жинағына күнделікті әрі қорытынды дезинфекциялар, ауруды емханаға жатқызу, ауру табылған кезде және өршу кезеңдерінде, балаларды жеке бөліп санаторлы балалар мекеніне жіберу, жаңа туған нәрестелерге және инфекциямен кездеспеген қоршаудағыларға спецификалық профилактика жүргізу, туберкулез ошағында тұратындарды мезгілінде тексеріп туберкулезге қарсы күресетін диспансерде және химиопрофилактика жүргізу керек.

- *Балаларды және жасөспірімдерді БЦЖ вакцинасымен иммунизациялау туберкулездің алдын-алуда маңызды рөл атқарады. Туберкулинді қолдану арқылы өткізілетін жаппай алдын-алу тексерулер – ауруды ерте анықтауға мүмкіндік беретін Мантуға реакцияны қою, флюорографиялық зерттеулер жатады. Өзіндік емдеумен айналыспаңыз. Ауру неғұрлым ерте анықталса, сіздің ағзаңызға соғұрлым аз залал тиеді, тезірек және толықтай сауығуға мүмкіндік береді, айналадағыларға да тиісінше инфекция аз таралады.*

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТ:

- Фтизиатрия М.И. Перельман, В.А. Корякин
Аударған Т.Ә.Момынов. Алматы-2006 ж.
- . Г. Б. Ракышев, С.А.Вядро, А.А.Бугаков-
Туберкулез у детей и подростков-Астана,
1999
- [www.wikipedia.ru/tub32./](http://www.wikipedia.ru/tub32/)
- www.medikus.ru